

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҮКІМЕТІ



ПРАВИТЕЛЬСТВО
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына,
«Nur Otan» партиясы
фракциясының мүшелеріне
(Е. Саиров, Е. Бейсенбаев, Ю. Жулин)

2021 жылғы 17 ақпандағы № ДС-57

Құрметті депутаттар!

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) шеңберінде микрокредит беру мәселесі жөніндегі депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Бағдарламаны іске асыру үшін қаржыландыру көлемін төмендетуге қатысты

Елдегі қалыптасқан экономикалық жағдай шарттарында Бағдарлама бойынша ауылдық елді мекендерде микрокредиттеу үшін 2021 – 2023 жылдарға арналған бюджет лимиттері 20 млрд теңгеге дейін қысқартылған.

40,3 млрд теңге көлемінде қосымша қаржыландыру бөлу мәселесі 2021 жылға арналған республикалық бюджетті алғашқы нақтылау шеңберінде қарастырылатын болады, бұл Бағдарлама шеңберінде шамамен 10 мың микрокредит беруге мүмкіндік береді.

Кепілмен қамтамасыз етуге қатысты

Бағдарлама шеңберінде кепілдендіру бойынша функцияны «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ жүзеге асырады. Кепілдік МҚҰ/КС микробизнес ашуға, жұмыс істеп тұрған бизнесті кеңейтуге, ауылдық елді мекендерде және шағын қалаларда кооперативтер құруға беретін кредиттер/микрокредиттер бойынша беріледі.

Ісін жаңа бастаған кәсіпкер және зәкірлік кооперацияға қатысушылар үшін кепілдік мөлшері кредит/микрокредит сомасының 85%-ынан, жұмыс істеп тұрғандар үшін – 50%-ынан, ал аз қамтылған және/немесе көп балалы отбасы мүшелері үшін кредит/микрокредит сомасының 95%-ынан аспайды.

Сонымен қатар, 2020 жылы экономиканың аграрлық секторына банктік кредит беруді ынталандыру мақсатында екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттерге кепілдік берудің жаңа құралы енгізілді. «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ кепілгер болып белгіленді.

«Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ қайта ұйымдастыруға қатысты

Мемлекет басшысы 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауы аясында қаржылық мүмкіндіктері әлдеқайда зор бірыңғай даму институтын құра отырып, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ мен «Қазагро» ҰБХ» АҚ-ны біріктіруді тапсырды.

Агроөнеркәсіптік кешеннің стратегиялық маңыздылығын ескере отырып және бір ұйым шеңберінде жинақталған салалық жұмыс тәжірибесін сақтау мақсатында біріккен Холдинг құрылымында АӨК операторларын дамыту міндеті мен функционалдық мүмкіндіктерін сақтау көзделген.

Осылайша, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ құрамындағы жеке еншілес ұйым мәртебесін сақтап қалады және өзінің жарғылық қызметін «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ функционалының бір бөлігімен толықтырады.

«Атамекен» ҰКП және жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен құрылып отырған МҚҰ ауылдағы микрокредиттеуге қосымша инфрақұрылым болатын болады.

Кооперацияны дамытуға қатысты

АӨК дамытудың ұлттық жобасы шеңберінде ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту бойынша заңнаманы жетілдіру, оның ішінде кооперацияны дамыту орталықтарын құру көзделген.

Сондай-ақ кредиттік серіктестіктердің көрсетілетін қызметтерінің тізбесін кеңейту (жинақ ақшаларды қабылдау, аударым операциялары), қатысушылардың КС-ға кіруі мен шығуын барынша оңайлату бөлігінде заңнамаға өзгерістер енгізу жөніндегі мәселелер пысықталатын болады.

Жеке қосалқы шаруашылықтарды қолдау бөлігінде жеке қосалқы шаруашылықтарды жайылымдармен, жем-шөппен қамтамасыз ету, сондай-ақ өткізу нарықтарына қол жеткізу бойынша шаралар қабылдау мүмкіндігін қарау жоспарлануда.

Осылайша, ауыл шаруашылығы кооперациясын, оның ішінде өндірістік, тұтыну, сервистік және қаржы кооперативтерін дамыту үшін жағдайлар жасалатын болады.

«Алқаптан сөреге дейін» жобасын іске асыруға қатысты

2020 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстарында ауылда «алқаптан сөреге дейін» кооперациялық тізбегін дамыту жөніндегі пилоттық жоба іске қосылды. Үкімет резервінен 3 млрд теңге (*әрбір өңірге 1 млрд теңгеден*) сомасында бюджеттік кредит бөлінді.

Жобаға 15 ауыл шаруашылығы кооперативі (*құрамында 2500 ЖҚШ*), 8 қайта өңдеу кәсіпорны, 141 ауыл шаруашылығы тауарөндірушілері (*ШҚ, ФҚ, ЖК*) және 82 сауда объектісі тартылды.

Үш облыста жеткізу көлемі 11 243,7 тонна өнім және 5 205 мың дана жұмыртқа болатын әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын делдалдардың қатысуынсыз жеткізушілер мен сауда объектілері арасында өткізу ұйымдастырылды.

Тұтастай алғанда, жоба шеңберінде аграрлық өнімді тікелей сатып алу және өткізу, сондай-ақ ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің өңірлер нарығына кедергісіз қол жеткізуі арқылы кооперациялық тізбекті дамыту жүйесі жолға қойылды.

Осылайша, аталған мәселе Үкіметтің ерекше бақылауында. Барлық қажетті шаралар заңнамада белгіленген тәртіппен іске асырылады.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

А. Мамин